

«БЕКІТЕМІН»

Қарағанды облысы
ішкі саясат басқармасының
«Қоғамдық келісім» КММ
директоры

Б.Бекмурзаев

«05» сәуір 2021 ж.

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы
Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің
қазақстандық үлгісіне арналған үздік ғылыми жобалар конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне арналған үздік ғылыми жоба (бұдан әрі – конкурс) Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ 2021 жылғы іс-шаралар Жоспары бойынша өткізілетін облыстық конкурс.

1.2. Конкурс ұйымдастырушылары Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ.

1.3. Осы Ереже конкурсты өткізу тәртібін және ғылыми жұмыстарды іріктеу талаптарын аймақтық деңгейде анықтайды.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Конкурс отандық зерттеушілер мен жастардың ғылыми-сарапшылық әлеуетін тарту арқылы этносаяси және этноәлеуметтік ахуалды жетілдіру мақсатында өткізіледі.

2.2. Конкурс міндеттеріне:

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін ілгерілетуге септігін тигізетін зерттеу ісіне ғылыми қауымдастықты және соның ішінде жастарды тарту;

- ғылымға жастардың қызығушылығын арттыру;

- дарынды жас ғалымдарды іздестіру және қолдау;

- ғалымдар мен жастардың патриоттылық деңгейін, әлеуметтік жауапкершілігін арттыру;

- қазақстандық үлгісі негізінде жастардың бойында отансүйгіштікті нығайту;

- татулық пен келісім идеяларын шоғырландыруға және қазақстандық бірегейлікті нығайтуға бағытталған ғылыми және әдістемелік әзірленімдер, оқу және анықтамалық әдебиеттердің басып шығарылуына қолдау көрсету кіреді.

3. Конкурстың тақырыптық бағыттары

3.1. Конкурстың негізгі тақырыптық бағыттары:

– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдық мерейтойы: жетістіктер, тәжірибе және сын-тегеуріндер;

– Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық бастамалары контекстіндегі бейбітшілік пен келісім идеясы;

– Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық және конфессияаралық бірлік пен келісімді нығайту және дамыту институты ретінде;

– Қазақ зиялыларының ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыруға қосқан үлесі;

– Ядролық қарусыз әлемге жол. Экологиялық қауіпсіздік және «Таза табиғат» әлеуметтік бастамасы.

4. Конкурса қатысушылар

4.1. Конкурса Қарағанды облысының 35 жасқа дейінгі жас ғалымдары, докторанттар және магистранттар, ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлерімен қоғам қайраткерлері қатыса алады.

4.2. Конкурса бір автор әзірлеген жоба қатыса алады.

4.3. Әрбір ізденуші тек бір өтінім бере алады. Бір ізденушінің екі және одан көп өтінімде бірлескен авторлығына рұқсат етілмейді.

4.4. Алдыңғы жылдары қатысқан жеңімпаздар конкурса қатыса алмайды.

5. Конкурсты өткізу тәртібі мен мерзімі

5.1. Конкурс үш кезеңде өткізіледі:

1) конкурстық жұмыстарды қабылдау (2021 жылғы 06 сәуірден 01 шілдеге дейін);

2) үздік жұмыстарды іріктеудің конкурстық комиссия жұмыстары (2021 жылғы 02 шілдеден 20 шілдеге дейін);

3) Конкурстың қорытынды кезеңі (қатысушылардың үздік жобаларының көзбе-көз презентациясы) 2021 жылдың тамыз айында өткізілетін болады. Күні мен уақыты қосымша хабарланады.

Конкурса қатысу үшін өтінім мен материалдарды қоса берілген нысанға сәйкес **2021 жылдың 01 шілдесінен кешіктірмей** e-mail-ге **kelisimank@gmail.com** жіберу қажет.

5.2 Конкурстық комиссияның қорытынды отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін ұйымдастырушылар іріктеуден өткен

қатысушыларды конкурстың қорытынды кезеңінің мерзімі мен шарттары туралы ақпарат береді. Қатысушыларға ақпарат электронды форматта жіберіледі.

5.3. Конкурстың қорытындысы Қарағанды қаласында өткізіледі, нақты өткізілетін орынды ұйымдастырушылар анықтап хабарлайды.

5.4. Конкурстың қорытынды кезеңі барысында авторлар конкурстың екінші кезеңіне іріктеуден өткен өз ғылыми жобаларын конкурстық сарапшылық комиссия алдында тікелей таныстырады.

5.5. Қорытынды кезеңде жобалардың таныстырылымы ұзақтығы 7-10 минуттан артық емес ауызша баяндама түрінде іске асырылады. Баяндама электронды таныстырылым, ауди-видео жазбалар, материалдық нұсқадағы көрнекі материалдармен қатар жүруі мүмкін. Арнайы құрылғылар (проекторлар, стендтер және тағы басқа техникалық құралдар) бөлу қажет болған жағдайда қатысушы республикалық кезеңнің ұйымдастырушыларын конкурстың қорытынды кезеңіне 3 жұмыс күннен кешіктірмей хабарлап қояды.

5.6. Конкурстың қорытынды кезеңінің жеңімпаздары конкурстық сарапшылық комиссиясымен ашық дауыс беру арқылы анықталады. Дауыстардың тең болуы кезінде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.7. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі. Үздік жұмыстар дипломдармен марапатталады. Конкурстың жеңімпаздарын марапаттаудың салтанатты рәсімі Қарағанды қаласында өткізіледі. Нақты өткізу орнымен уақыты ұйымдастырушылар қосымша хабарлайды.

5.8. Байқаудың жеңімпаздарын ұйымдастырушылар марапаттайды.

5.9. Конкурс аяқталған соң ғылыми жұмыстардың тезистері арнайы жинақта (баспа немесе электронды нұсқада болуы конкурс ұйымдастырушылардың қарап шешуіне байланысты) жарияланады. Үздік жобалар ғылыми басылым ретінде толықтай басылып шығарылады.

6. Конкурс ұйымдастырушылары мен ұйымдастырушыларының міндеттері

6.1 Конкурс ұйымдастырушылары конкурстық комиссия құрамын жасақтайды.

6.2 Конкурстық комиссия:

1) Өңірлік ЖОО әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің профессорларынан, оқытушылар құрамынан, ғылыми-сарапшылық топ мүшелерінен құрылады;

2) Комиссия құрамы мен мүшелер саны ұйымдастырушылармен анықталады;

3) Комиссияның алғашқы отырысында ашық дауыс беру арқылы сайланатын Төраға басқарады;

4) Ғылыми жұмыстарды іріктеуді жүзеге асырады, оның ішінде Антиплагиатқа ұсынылған жұмыстарды тексеруді жүргізеді (мәтіннің ерекшелігі 80% төмен болмау керек);

5) Байқау ұйымдастырушыларына дауыс беру нәтижелерімен бірге отырыстың хаттамасын ұсынады.

6.3 Байқау комиссиясының қорытындысы бойынша облыстық байқаудың жеңімпаздары арасынан іріктелген ең үздік үш жоба конкурстың республикалық кезеңіне жіберіледі.

7. Конкурстық өтінімді рәсімдеу талаптары

7.1. Конкурсқа қатысу үшін қатысушылар келесідей құжаттарды жолдайды:

1) конкурсқа қатысуға өтінім (осы ереженің 1-қосымшасы) – 1 дана (сонымен бірге электронды нұсқасы);

2) ғылыми жұмыстың көлемі 20 беттен аспайтын басылған, тігілген мәтіні (осы Ережеге 2 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша) - 1 дана (оның ішінде PDF форматындағы электрондық нұсқасы);

3) CD-дискке жазылған конкурсқа қатысуға өтінім мен ғылыми жұмыс мәтінінің электрондық нұсқасы – 1 дана;

4) қатысушының жеке куәлігінің көшірмесі.

7.2 Жобалар мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

7.3. Жобаны рәсімдеу талаптары: А4 форматта мәтін; бос орындар аумағы: сол жағынан – 3 см, оң жағынан – 1,5 см, жоғарыдан және төменнен – 2 см.; қаріп Times New Roman, кегль 14 пункт; жоларалық интервал– 1,2.

Өтінімнің электронды нұсқасы файлдың *.doc форматы, яғни MS Word 97– 2003 құжаты ретінде рәсімделеді.

Жобаның құрылымы:

- негізгі бет;

- конкурсқа қатысушы туралы ақпарат;

- жұмыстың аңдатпасы;

- мазмұндама;

- кіріспе;

- жұмыстың негізгі бөлімдері (тараулары);

- қорытынды;

- суреттемелер, фотосуреттер, кестелер, сызбалар және т.с.с. түрінде қосымшалар;

- қолданылған әдебиеттер тізімі.

7.4. Фотосуреттер, суреттер мен сызбалар қосымша түрінде рәсімделеді.

7.5. Рәсімделу талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылуға жатпайды.

7.6. Конкурсқа қатысу үшін өтінімі конкурсқа қатысуға үмітті қатысушының осы Ережеде қарастырылған талаптармен және шарттармен келісімді білдірудің формасы болып табылады.

7.7. Конкурса қатысу үшін ұсынылған өтінімдерді конкурс ұйымдастырушылары конкурса қатысу өтінімдерін қабылдау мерзімі мен уақытын көрсетіп, тіркейді.

7.8. Конкурс талаптарына сәйкес келмейтін, рәсімдеу ережелері бұзылып ұсынылған немесе конкурса көрсетілген уақыт өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қарастырылмайды. Конкурстық өтінімдерді қабыл алмау себептері авторларға хабарланбайды.

7.9. Конкурстық өтінім материалдары авторларға қайтарылмайды.

8. Жобаларды іріктеу критерийлері

8.1. Конкурса қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясат облысындағы ғылыми білімдерге үлес қосатын ғылыми жұмыстар, сондай-ақ инновациялық әдістемелердің зерттемелері ұсынылады.

8.2. Жобаны бағалау кезінде келесідей критерийлер ескеріледі:

- жобаның конкурс мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі;
- қарастыратын тақырыптың өзектілігі;
- құрылым мен баяндау логикасының негізділігі;
- ғылыми жаңалығы;
- қойылған міндеттерді шешуде өзіндік авторлық тәсілдеме;
- ғылыми жұмыс әдіснамасының тиімділігі, талдаудың заманауи әдістерін қолдануы;
- қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстардың бар болуы.

8.3. Конкурса ұсынылған құжаттар Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ мекен-жайы бойынша: 100024 (немесе V01F5M0), Қарағанды қ., Шахтеров даңғылы 64 (Достық үйі), 104 кеңсесіне жіберіледі. e-mail-ге **kelisimank@gmail.com** Тел.: 8 (7212) 900-309, 900-329, 8 778 009 24 45, 8 701 479 96 49, 8 708 856 55 36.

Конкурсқа қатысуға өтінім
(1 беттен артық емес)

Ғылыми жұмыс авторы (бірлескен авторы)	Т. А. Ә (толығымен): _____ Ғылыми дәрежесі: _____ Жұмыс орны: _____ Лауазымы: _____ Байланыс телефондары: _____ E-mail: _____ Облыс (қала, аудан): _____
Жоба тақырыбы	
Жұмыстың аңдатпасы (бос орындармен бірге 1200 белгіден артық емес).	
Ғылыми нәтижелерін қолдану облысы	
Кілт сөздер	
Өтінімді тапсыру мерзімі	
Автордың қолы	

**Ғылыми жұмысты рәсімдеу
ҮЛГІСІ**

УДК 316.347:323.1 (574)

Тақырыбы:
ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЙНЕСІ

Байқау бағыты:
4) Қазақстан әлемдік кеңістіктегі бейбітшілік пен келісімді
дамыту жолында

Орындаушы:
Жартай Жанибек Маратулы,
"Экономика" мамандығы
бойынша 2 курс докторанты,
академик Е.А. Бөкетов
атындағы Қарағанды
мемлекеттік университеті

Қарағанды, 2021

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ СЯСАТЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МӘСЕЛЕСІ.....	4
1.1 Қазақстандағы этносаралық татулық пен қоғамдық келісім.....	4
1.2 Қазақстанның жаһандық тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етудегі белсенділігі.....	7
2 ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИМИДЖІ.....	10
2.1 Еуропа елдеріндегі Қазақстанның имиджі.....	10
2.2 Қазақстанның Азия елдері арасындағы беделі.....	13
2.3 Қазақстанның Батыс пен Шығысты жақындастырудағы ұстанымы.....	15
ҚОРЫТЫНДЫ.....	17
Ұсынымдар.....	19
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	20
Қосымшалар	

1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МӘСЕЛЕСІ

1.1 Қазақстандағы этносаралық татулық пен қоғамдық келісім

1992 жылы Қазақстан халықтарының кезекті форумдарының бірінде жасаған баяндамасында Елбасы былай деді: «...халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырды. Бүгінгі таңда, тарихымызды қайта таразылау кезінде, бұл байлықты жоғалтуға, интернационализмнің игі дәстүрлерін жоққа шығаруға хақылы емеспіз. Олар соңғы он жыл бойында және партиялық нұсқаумен қалыптасқан жоқ. <...> Қазақстанға бұл халықтар барлық жағдайда өз еркімен қоныстанбаған. <...> Біздің жеріміз барлығын жылы қабылдап, мыңдаған адамдардың туған үйіне айналды. Бұл жағдайда қазақ ұлты, оның ашықтығы, ғасырлардан келе жатқан қонақжайлық және бейбіт көршілестік дәстүрлері ең шешуші рөл атқарды. Бірлескен еңбек, аға ұрпақтың басына түскен ауыртпашылықты еңсеру, күнделікті тұрмыстық тіршілік пен мерекелер арқылы республика халықтарының, қазіргі келбетін таныстыратын, өзіндік ортақ дүниесі қалыптасты» [1].

<...>